

"Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қантардағы № 05 /01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 2961 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 21/03 қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 27.04.2016 № 21/03 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 41 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Валентина Владимировна Абильсейтоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Аймақов

О с а к а р о в 2 0 1 5 № бекітілген	а у д а н ы ж ы л ғ ы 0 5 / 0 1	ә к і м д і г і н ің қ а н т а р д ағ ы қ а у л ы с ы м е н
---	---------------------------------------	---

"Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) аудан әкімдігінің және әкімнің ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101000, Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаровка кенті, Достық көшесі, 33.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, мемлекеттік басқару саласында мемлекеттік саясатты жүргізу.

14. Міндеттері:

1) аудан әкімі және аппарат қызметкерлерінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) аудан әкімі және аппарат қызметкерлерінің қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

3) аудан әкімі және аппарат қызметкерлерінің ұйымдастыруышылық қызметін қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

1) ауданың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын дайындау, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жасауға ықпал ететін мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына бақылау жасау жолдары арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуына қатысады;

2) Осакаров ауданының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын, оны жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру механизмі және тактикасын жетілдіру жөніндегі шаралар кешенің қалыптастыруға қатысады және осы мақсатта аудан аумағындағы атқарушы билік органдарының қызметтеріне сұрау салу және олардан, талдау жасау, аудан әкімі және әкімдігінің актілерін әзірлеу үшін уақтылы ақпарат алу, олардың атқарылуын қадағалау, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың даму мәселелері жөнінде ұсыныстар мен болжамдар қалыптастыру арқылы үйлестіруді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің азматтар мен мекемелердің орындауына жәрдемдесу;

4) ауданың аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасау;

5) жоғары тұрған атқарушы органдың берген өкілеттігіне сәйкес респубикалық бағыныстағы кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер қызметін үйлестіреді, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың, респубикалық бағыныстағы аумақтық органдардың қызметтерінің өзара әрекеттестігін және үйлестіруін қамтамасыз етеді;

6) Қарағанды облысы әкімінің аппаратымен, мемлекеттік мекемелермен, ведомствалармен, кенттер және селолық округтердің әкімдері аппараттарымен, аудандық мәслихатпен, басқада ұйымдармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді ;

7) заң шығаруши және басқа да нормативтік құқықтық актілердің, аудан әкімі мен әкімдігінің, аудандық мәслихат актілерінің жобаларына ұсыныстар енгізеді;

8) аудан әкімінің және әкімдігінің ақпаратты-талдамалы, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қызметін қамтамасыз ету;

9) аудан әкімі және оның орынбасарлары қызметінің құжаттамалық қамтамасыз етілуін, қызметтік құжаттардың, хаттардың, занды және жеке тұлғалардан өтініштері мен шағымдарының қаралуын, азаматтардың жеке қабылдауын, келіп түсken хаттары мен өтініштерінің, құжат айналымы, іс жүргізуі қалыпқа келтіруді және жетілдіруді, құпия құжаттармен жұмыс істеуді, мемлекеттік және орыс тілдерінде іс жүргізуін іске асырулын ұйымдастырады;

10) жергілікті атқаруши билік органдарында кадр саясатын аудан әкімінің номенклатурасына енетін кадрлар бойынша ұсыныстарды зерделеу және енгізу, кадрлар резервін қалыптастыру, олардың оқуын, тәжірибеден және қайта даярлаудан өтуін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырады;

11) аудан әкімдігі, аудан әкімінің және оның орынбасарларының құнделікті қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды, олармен өзара әрекеттесуді, Республика Президенті және Үкіметі жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты, аудандағы экономикалық және әлеуметтік ахуалды, мәселелерді шешу жолдарын түсіндіруді ұйымдастырады;

12) аудан әкімі және әкімдігінің құқық қорғау органдарымен және сот жүйесі органдарымен аудандағы зандылықты және құқықтық тәртіпті нығайту сұрақтары бойынша үйлестіруді және өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді;

13) аудан әкімі және әкімдігінің норма шығармашылығы қызметінің механизмін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды;

14) әкімнің шешімін, өкімін және аудан әкімдігінің қаулысын сақталуын қамтамасыз ету;

15) нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету, азаматтық хал актілерін тіркеуді бақылау және тиісті дерекқорлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды қоспағанда, азаматтық хал актілерін тіркеу;

16) туу туралы куәліктерді беру кезінде жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімі және әкімдігінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және басқа да материалдар, лауазымды тұлғалардан ауызша және жазбаша түсіндірмелерді сұрастыру және алу;

2) ауданның атқаруши органдарының иелігіндегі барлық ақпараттық, соның ішінде құпия мәліметтерді пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасы Президенті және Үкіметі актілерінің,

Премьер-Министр өкімдерінің, облыс әкімі мен әкімдігінің актілерін аудан әкімі мен әкімдігінің актілерін, облыс әкімі мен оның орынбасарларының тапсырмаларын, аудан әкімі мен оның орынбасарлары тапсырмаларының орындалуы бойынша ауданың атқаруши органдарында және кент және ауылдық округ әкімінің аппаратына тексеріс жүргізу және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) мемлекеттік мекемесінің қарауына енетін мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар және ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу;

5) аудан әкіміне және оның орынбасарларына аудан әкімі аппаратының қызметкерлерін, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың басшылық құрамын қызметке тағайындау және қызметтен босату, оларды тәртіптік жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

6) қолданыстағы заңнамада көзделген осы Ережеде анықталған міндеттер мен функциялардан туындастырын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру

17. Мемлекеттік мекемені басқару мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын аудан әкімі аппаратының басшысы жүзеге асырады.

18. Аудан әкімі аппаратының басшысы аудан әкімімен лауазымға тағайындалады және босатылады.

19. Аудан әкімі аппараты басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекемені мемлекеттік органдарға және басқада ұйымдарға ұсынады;

2) мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

3) белгіленген лимит бойынша аудандық бюджеттен қаржыландырылатын аудан әкімі аппаратының штаттық кестесін және аудан әкімдігінің құрылымдық жобасын, кент және ауылдық округ әкімі аппаратының, атқаруши органдардың құрылымдық жобаларын бекітуге ұсынады;

4) әкімге әкімдік қаулысының жобаларын, аудан әкімінің шешімдері мен әкімдерін қол қоюға ұсынады;

5) аудан әкімі және әкімдігі қабылдаған актілерінің және аудан әкімі тапсырмаларының орындалуын бақылауды, тексеруді ұйымдастырады және

қамтамасыз етеді;

6) кездейсоқ жағдайда нормативтік құқықтық актілер жобасын, бағдарламаларды және басқа да құжаттарды дайындау үшін жұмыс тобын құрады.

7) аудан әкіміне және әкімдігіне кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдіктерінің заңсыз актілерін жою, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар басшыларының заңға қайшы бұйрықтарын тоқтата тұру туралы ұсыныстарды береді;

8) мемлекеттік қызмет туралы және еңбек туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес кадрлармен жұмысты бақылайды;

9) лауазымдық тұлғалардың үздік қызметкерді көтермелеу және тәртіптік жазаға тарту бойынша ұсыныстар енгізеді;

10) мемлекеттік мекеменің жалпы басшылықтың құрылымдық бөлімшесінің үйлестіру қызметін жүзеге асырады;

11) өз құзыреті шегінде қызметтік және қаржылық құжаттамаларға қол қояды ;

12) сайлау өткізу, ауданның сайлаушылар тізімін, алқа жиын отырысы кандидаттарының бастапқы тізімдерін құру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

13) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпия туралы" Заңының тәртібін сақтауды және мобилизациялық және құпия құжаттарды сақтап қою жұмысын құпия тәртіpte қамтамасыз етеді;

14) тұрғындар алдында аудан әкімінің есептік кездесулерін дайындау және өткізу бойынша ұйымдастырылған шараларды қамтамасыз етеді;

15) өз құзыреті шегінде және аудан әкімінің шешімін қажет етпейтін мемлекеттік органдармен, басқада ұйымдармен хат алмасулар жүргізеді.

16) азаматтармен жеке қабылдау өткізеді;

17) аудан әкімінің тапсырмаларын орындайды;

18) ауданда мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру ;

19) аудан әкімі аппаратында сыйайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды;

20) аудан әкімімен жүктелген басқада міндеттерді орындаиды.

Аудан әкімі аппараты басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Мемлекеттік мекеме заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мемлекеттік мекеме мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК